

## **Дәріс-2. Ұлы Отан соғысы кезіндегі шаңғы спорты**

### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Ұлы Отан соғысы кезіндегі шаңғы спорты.
2. Кеңес Одағы спортшыларының дүниежүзілік жарыстарға қатысуы.

### **Ұлы Отан соғысы кезіндегі шаңғы спорты.**

1939-1940 жылдың қысындағы финдермен болған соғыста арнайы шаңғышылар бөлімшелері қатысты. Ленинградтағы дене тәрбиесі және спорт институтының студенттері мен оқытушылары өз еріктерімен бөлімшелер құрып соғыс кезінде ерлік көрсетті.

Осы бөлімшелер соғыс кезінде аса маңызды тапсырмаларды орындап жау әскерінің үлкен шығынға ұшырауына ат салысты.

Осы бөлімшелердегі жауынгерлер жігерлігі мен ерліктері үшін шаңғышылардың көбісі ордендермен және медальдармен марапатталды. Белгілі шаңғышы Кеңес Одағының 1939 жылғы жеңімпазы Владимир Мягковке Кеңес Одағының спортшыларының ішінде бірінші болып Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Соғыс кезінде арнайы шаңғышылар отрядтары алдыңғы шепте және жау жерлерінде ең маңызды тапсырмаларды орындап жүрді. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиын жағдайға қарамастан 1942 жылдан басқа жылдары шаңғы спортынан жарыстар ұйымдастырылып, Кеңес Одағының біріншіліктері өткізіліп тұрды.

1943 жылы Киров қаласында әйелдер арасында шаңғы спортынан 50 шақырымға жарыс ұйымдастырылды. 5 сағат 21 минут 30 секунд уақыт көрсеткен Е.Смирнова жеңімпаз атанды. Келесі жылы өткен жарыста сол көрсеткішті 4 сағат 21 минут 32 секунд уақытпен жүріп өткен Киров қаласының тұрғыны Л.Костяевой жаңартты.

### **Кеңес Одағы спортшыларының дүниежүзілік жарыстарға қатысуы.**

Ұлы Отан соғысы аяқталған соң Кеңес Одағында шаңғы спорты кеңінен дами бастады. Шаңғы спортымен айналысатын спортшылар саны көбейіп спорттық көрсеткіштер жаңарды.

1946 жылы ауыл спортшыларының жарысы өткізіліп бір миллионнан аса шаңғышы қатысты. Соғыс аяқталған соң көптеген түрлі деңгейдегі жарыстар өткізілді.

Шаңғы спортынан біріншіліктер, спартакиадалар, жорықтар ұйымдастырылды.

Жылдан-жылға спортшылардың спорттық дайындығының деңгейлері өсе бастады.

1951 жылы Кеңес Одағының шаңғышылары Халықаралық студенттер жарысына қатысып Пояна (Румыния) қаласында әйелдер 8 шақырым, ерлер 30 шақырым қашықтықта барлық жұлделі орындарды Кеңес Одағының студенттері жеңіп алды.

1953 жылы Австрияда өткен қысқы студенттер ойынында Л.Козырева мен Ф.Терентьева 5 және 18 шақырым қашықтықта бірінші орынды жеңіп алды. 1954 жылы Свердловск қаласында өткен Финляндия шаңғышыларымен өткен матчтық кездесуде Кеңес Одағының шаңғышылары үлкен жетістікке жетті.

30 шақырымға жарыста В.Кузин бірнеше дүркін әлем чемпионы және Олимпиада ойындарының жеңімпазы В.Хакулиненді жеңіп әлемді таң қалдырды. В.Кузин 1954 жылы Швецияда өткен әлем чемпионатында 30 және 50 шақырым қашықтықта жеңімпаз атанды.

1962 жылдан бастап Кеңес Одағы халықтарының қысқы спартакиадасы өткізіле бастады. Кеңес Одағы халықтарының І-ші қысқы спартакиадасында 6 миллионнан аса спортшылар қатысты.

1956 жылы Италияның Кортина қаласында өткен 7-ші қысқы Олимпиадалық ойындарда Кеңес Одағы шаңғышылары 4x10 шақырым эстафеталық жарыста жеңімпаз атанды. Л.Козырева 10 шақырым жарыста бірінші орынды иеленді.

Әлем біріншіліктерінде және Олимпиада ойындарында Кеңес шаңғышылары топ жарып және жүлделі орындардан көрініп жүрді.

Кеңес Одағының көптеген қалаларында шаңғы спортынан стадиондар салына бастады. Шаңғы құралдарын шығаратын кәсіпорындар ұлғайып жылына 7 миллионнан аса шаңғы мен шаңғы құралдарын шығара бастады.

1958 жылы Финляндияның Лахти қаласында өткен шаңғы спортынан әлем біріншілігінде 10 шақырым қашықтықта 1 орынды Кеңес Одағының шаңғышысы А.Колчина жеңіп алды. 3x5 шақырым эстафеталық жарыста Кеңес Одағы шаңғышылары жеңімпаз атанды.

1958 жылы Кеңес Одағының командасы бірінші рет екі сайыстық шаңғы спортына қатысып күміс медальді жеңіп алды. 1960 жылы АҚШ-та өткен VIII-ші қысқы Олимпиада ойындарында 10 шақырым қашықтықта Кеңес командасының спортшылары жеңімпаз атанды. 4x5 шақырым эстафеталық жарыста әйелдер командасы екінші орынды иеленді.

1962 жылы Польшада өткен әлем біріншілігінде Кеңес Одағының спортшылары үлкен жетістіктерге қол жеткізді. 5 және 10 шақырым қашықтықта А.Колчина қос алтынның иесі атанды. 3x5 шақырым эстафеталық жарыста Кеңес Одағының әйелдер командасына ешқандай қарсылас тең келмеді.

Ерлер командасы қола медальды иеленді. 1964 жылы Австрияның Инсбруг қаласында өткен Олимпиада ойындарында Кеңес Одағының шаңғышысы К.Боярских (5,10 шақырым және 3x5 шақырым эстафеталық жарыста) үш алтын медальды иеленді. Биатлон жарысында 3 дүркін әлем чемпионы В.Миланин Олимпиада чемпионы атанды. Екінші орынды Кеңес спортшысы А.Привалов жеңіп алды. Шаңғы қоссайысында Н.Киселев күміс медальға қол жеткізді.

1966 жылы Әлем чемпионаты 17-27 қаңтар айында Норвегияның Осло қаласында өтті. 5 шақырым қашықтықта әйелдер арасында барлық

орындарды Кеңес Одағының шаңғышылары жеңіп алды. Ерлер командасы жүлделі орындардан көріне алмады.

1968 жылы Францияның Гренобль қаласында өткен X-шы қысқы Олимпиада ойындарында трамплиннен секіруден В.Белоусов Кеңес Одағының тарихында тұңғыш Олимпиада чемпионы атанды.

Биатлоннан эстафеталық жарыста Кеңес Одағының шаңғышылары жеңімпаз атанды. Биатлоннан 20 шақырым қашықтықта А.Тихонов күміс, В.Гундарцев қоладан алқа тақты. 3x5 шақырым эстафетасында Кеңес Одағының әйелдер командасы күміс медальді иеленді. 50 шақырым қашықтықта екінші орынды Кеңес Одағының спортшысы жеңіп алды.

1970 жылы шаңғы спортынан әлем біріншілігі Чехословакияда өтті. 30 шақырым қашықтықта В.Веденин чемпион атанып, 50 шақырым қашықтықта күміс медальға ие болды. 5-10 шақырым және 3x5 шақырым эстафеталық жарыста Кеңес Одағының спортшылары жеңімпаз атанды. 4x10 шақырымда ерлер командасы алтын медальға қол жеткізді. Трамплиннен секіруде Г.Напалков әлем чемпионы атанды. Биатлонда алтын медалді А.Тихонов жеңіп алды. Кеңес Одағының спортшылары қоссайыста күміс және қола медальға қол жеткізді. Осы әлем біріншілігінің қорытындысы бойынша 7-алтын, 3-күміс, 4-қола медальді жеңіп алды.

Кеңес Одағының шаңғышылары Японияның Саппоро қаласында өткен қысқы Олимпиада ойындарында да сәтті өнер көрсетті, ол жарыста 9 медальға қол жеткізді оның алтауы алтын. Кеңес Одағы кезінде шаңғы спортымен айналысатын спортшылар саны 7 миллионнан асып кетті.

#### Бақылау сұрақтары:

Ұлы Отан соғысы кезіндегі шаңғы спорты.

Кеңес Одағы спортшыларының дүниежүзілік жарыстарға қатысуы.

#### Әдебиеттер:

##### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Бутин И.М. Лыжный спорт: Учебное пособие для студентов высших педагогических заведений / - М.: Академия, 2019. - 368 с.

2. Есіркепов Ж.М., Омаров Б.С., Құрманбаев Б.І. Шаңғы спортын үйрету әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Қызылорда, 2023. - 145 б.

3. Бутин И.М. Лыжный спорт / И.М. Бутин. - М.: Книга по Требованию, 2013. - 192 с.

3. Евстратов В.Д., Чукардин Е.Б., Сергеев И.Н. Лыжный спорт: Учебник для техникумов физической культуры и факультетов физического воспитания педвузов. М.: ФиС, 2009. - 215 с.

4. Ахметов Н.Ә. Шаңғы спорты: Оқу құралы. Дене шынықтыру және спорт мамандық студенттері үшін. - А., 2020. - 196 б.

6. Тау шаңғысы: оқыту әдістемесі: Оқу құралы / - М., 2019. - 208 б.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Камаев О.И. Теоретико-методические основы многолетней подготовки юных лыжников-гонщиков. - Харьков: «ХАГИФК», 1999. - 172 с.
2. Раменская Т.И. Лыжный спорт. Учебник / Т.И. Раменская, А.Г. Баталов. - М.: Физическая культура, 2005. - 320 с.
3. Раменская Т.М. Лыжный спорт. Учебное пособие / Т.М. Раменская, А.Г. Баталов. - Москва: СПб. [и др.]: Питер, 2005. - 224 с.
4. Чередова В. Лыжный спорт в школе / В. Чередова. - М.: Физкультура и спорт, 2000. - 164 с.
5. Шликенридер П. Лыжный спорт / Петер Шликенридер, Кристоф Элберн. - М.: Тулома, 2008. - 288 с.
6. Лыжный спорт / ред. В.Э. Нагорный. - М.: Физкультура и спорт, 2013. - 256 с.
7. Лыжный спорт и методика преподавания : курс лекций / сост. : Е.В. Михалёнок, И.Л. Александрович. – Витебск : ВГУ имени П.М. Машерова, 2017. - 73 с.

### **Интернет ресурстары:**

1. <https://ansya.ru/health/lijniy-sport-uchebnik--t-i-ramenskaya-a-g-batalov-m-fizicheska/pg-1.html>
2. [http://obg-19.narod.ru/literatura/Lyzhnyy\\_sport\\_2005.pdf](http://obg-19.narod.ru/literatura/Lyzhnyy_sport_2005.pdf)
3. <http://www.newreferat.com/ref-32857-8.html>